

**Қазақстанды өз тыңайтқыштарымен толыққанды қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 19 қарашадағы N 1105 Қаулысы

Қазақстанды өз тыңайтқыштарымен толыққанды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстанды өз тыңайтқыштарымен толыққанды қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Мүдделі мемлекеттік органдар, облыстар әкімдері және ұйымдар:

1) Жоспардың тиісінше және уақытылы орындалуын қамтамасыз етсін;

2) жарты жылда бір рет, есепті жарты жылдан кейінгі айдың 10-күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне Жоспардың іске асырылу барысы туралы талдамалық ақпарат берсін.

3. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі жарты жылда бір рет, есепті жарты жылдан кейінгі айдың 25-күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасының Үкіметіне Жоспардың орындалуы туралы жиынтық ақпарат берсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 7

ж ы л ғ ы

1 9

қ а р а ш а д а ғ ы

N

1 1 0 5

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

**Ескерту. Жоспарға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2008.08.27 N 776 Қаулысымен**

**Қазақстанды өз тыңайтқыштарымен толыққанды қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар жоспары**

Р/с N	Іс-шара	Аяқтау нысаны	Орындау- ға жауап- тылар	Орындау мерзімі	Қаржылан -дыру көздері
1	2	3	4	5	6
			И С М , "Қазақмыс"		

1	Балқаш қаласындағы күкірт қышқылы цехының құрылысын аяқтау	АШМ-ге ақпарат	корпорациясы" АҚ (келісім бойынша)	2008 жылдың I тоқсаны	Шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаражаты
2	Минералдық тыңайтқыштарды өндіру үшін күкірт қышқылын тұрақты жеткізу жөнінде: "Қазмырыш" АҚ мен "Қазфосфат" ЖШС; "Қазақмыс" корпорациясы" АҚ мен "Қазфосфат" ЖШС арасында меморандум жасасу	АШМ-ге ақпарат	ИСМ, ЭМРМ, "Қазмырыш" АҚ (келісім бойынша),»" Қазақмыс" Корпорациясы" АҚ (келісім бойынша), "Қазфосфат" ЖШС (келісім бойынша)	2007 жылдың IV тоқсаны	Талап етілмейді
3	Мыналардың: 1) Батыс Қазақстанда өндірілетін мұнайдың күкіртсізденуі үдерісінде пайдаланылатын қайталама күкіртті шикізат базасында республика аумағында күкірт қышқылын қосымша өндіруді ұйымдастыру;	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар	БҒМ (жинақтау), ИСМ	2008 жылдың I тоқсаны	Талап етілмейді
	2) кейіннен аммофос пен аммофосфат алу арқылы күкірт қышқылын ішінара (5-10 %) алмастыру үшін Қаратау фосфориттерін экстракциялық қайта өңдеу үдерісінде мұнай күкіртін пайдалану мүмкіндігін зерделеу				
			ККМ (жинақтау), ЭБЖМ, "ҚТЖ" ҰК АҚ (келісім бойынша),		

4	<p>Мыналарды:</p> <p>1) шаруашылық жүргізуші субъектілердің және даму институттарының қаражаты есебінен күкірт қышқылын тасымалдауға арналған арнайы цистерналар иесі - көлік компаниясын құру;</p>	<p>Қазақ- стан Респуб- ликасы- ның Үкіме- тіне ұсыныс- тар</p>	<p>"Қазмырыш" А Қ (келісім бойынша), "Қазақмыс" корпора- циясы" АҚ (келісім бойынша), "Самұрық" ҚХ" АҚ (келісім бойынша), "Қазына" ОДҚ" АҚ (келісім бойынша)</p>	<p>2008 жылдың I тоқсаны</p>	-
	<p>2) республикалық бюджеттен осы мақсатқа қаражат бөлінуін ескере отырып, сондай-ақ даму институттарының қаражатын тарту арқылы лизингтік негізде күкірт қышқылын тасымалдауға арналған цистерналар сатып алу мәселелерін пысықтау</p>	<p>Қазақ- стан Респуб- ликасы- ның Үкіме- тіне ұсыныс- тар</p>	<p>ККМ (жинақ- тау), ЭБЖМ, "ҚТЖ" ҰК АҚ (келісім бойынша), "Қазмырыш" А Қ (келісім бойынша), "Қазақмыс" корпора- циясы" АҚ (келісім бойынша), "Самұрық" ҚХ" АҚ (келісім бойынша), "Қазына" ОДҚ" АҚ (келісім бойынша)</p>	<p>2008 жылдың I тоқсаны</p>	-
	<p>1) "ҚазАзот" ЖШС-де карбамид пен аммиак селитрасын шығаруды арттыру үшін 2009 жылдан</p>	<p>Кен пайда- лану- шылар, тұтыну- шылар ("Қаз- Азот" ЖШС, Маңғыс- тау облы- сының әкімді-</p>	<p>ЭМРМ, ИСМ, Маңғыстау облысының</p>		

5	<p>бастап жылына 1,5 млрд. м<sup>3</sup> көлемінде газ жеткізу мәселесін газ жеткізушілермен пысықтау;</p>	<p>гі және басқалары), мемлекеттік органдар арасындағы көпжақты меморандум немесе келісім</p>	<p>әкімдігі, "ҚазАзот" ЖШС (келісім бойынша)</p>	<p>2007 жылдың I V тоқсаны</p>	<p>Талап етілмейді</p>
	<p>2) газ жеткізу жөніндегі мәселе оңынан шешілген жағдайда Маңғыстау облысында жаңа аммиак-карбамид кешенін салу</p>	<p>АШМ-ге жаңа аммиак-карбамид кешенін салу барысы туралы ақпарат</p>	<p>И С М , Маңғыстау облысының әкімдігі</p>	<p>Жыл сайын 2008-2010 жылдардың I тоқсаны</p>	<p>Шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаражаты</p>
6	<p>Минералдық тыңайтқыштар өндірушілердің үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында :</p> <p>1) электр энергиясын өндіру-тұтыну тәуліктік кестесіне сәйкес Қазақстанның солтүстік облыстарының»"Солтүстік-Оңтүстік" электр станцияларынан электр энергиясын келісім-шарттық жеткізу;</p>	<p>Электр энергиясын өндіру-тұтыну тәуліктік кестесі</p>	<p>"KEGOC" АҚ (келісім бойынша),» "Қазфосфат" ЖШС (келісім бойынша)</p>	<p>Жыл сайын</p>	<p>Талап етілмейді</p>
		<p>Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз</p>			

	2) сулы-энергетикалық ресурстарды пайдалану туралы үкіметаралық хаттамаға және "KEGOC" АҚ мен қырғыз тарапы әзірлеген кестеге сәйкес электр энергиясын жеткізу туралы;	Республикасының Үкіметі арасындағы сулы-энергетикалық ресурстарды пайдалану туралы хаттаманың жобасы	АШМ (жинақ -тау), ЭМРМ, ИСМ, "KEGOC" АҚ (келісім бойынша)	Жыл сайын	Талап етілмейді
	3) "KEGOC" АҚ-ның желілері бойынша электр энергиясын беру қызметтерінің тарифтеріне заңнамада белгіленген тәртіппен уақытша төмендету коэффициенттерін белгілеу мәселелерін пысықтау	АШМ-ге ақпарат	ТМРА, ЭМРМ, "KEGOC" АҚ (келісім бойынша)	Жыл сайын	Талап етілмейді
7	Қазақстан аумағы бойынша күкірт қышқылын, аммиак және ұсақ тартылған фосфор шикізатын тасымалдау кезінде магистральдық темір жол желісі қызметтерінің тарифтеріне заңнамада белгіленген тәртіппен уақытша төмендету коэффициенттерін беру	АШМ-ге ақпарат	ТМРА, ККМ, ИСМ, "Қазмырыш" АҚ (келісім бойынша), "Қазақмыс" корпорациясы" АҚ (келісім бойынша), "ҚТЖ" ҰК АҚ (келісім бойынша), "Қазфосфат" ЖШС (келісім бойынша)	Жыл сайын	Талап етілмейді
	Натрий және калий гуматтарын, Қазақстанның сұр тас көмірі мен фосфориттерінен органико-минералдық				

8	<p>тыңайтқыштар, фосфогипс негізінде, фосфориттермен мұнай күкіртінен күрделі фосфорлы және N, P, S-компоненттері бойынша теңдестірілген тыңайтқыштар өндіру; коттрелшаңы, Шымкент қаласында фосфат шламы мен сұр тас көмірді қайта өңдеудің қоламта өнімі негізінде биопрепараттар, тыңайтқыштар өндіру, сондай-ақ тыңайтқыштардың жаңа түрлерінің шағын тоннажды өндірісін құру есебінен отандық зауыттар шығаратын минералдық тыңайтқыштар ассортиментін кеңейту мүмкіндігін қарастыру</p>	ИСМ-ге ұсыныстар	<p>ИСМ, БҒМ, ЭМРМ, АШМ, Алматы облысы және ОҚО әкімдіктері, "Қазфосфат" ЖШС (келісім бойынша), "Қазына" АҚ (келісім бойынша), "Ана Жер" ҒӨБ ЖШС (келісім бойынша), "Экобиошун-гит" ҒОО ЖШС (келісім бойынша)</p>	2008 жылдың I тоқсаны	Талап етілмейді
9	<p>Ғылыми ұйымдармен бірлесіп, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің тыңайтқыштардың әрбір түрі бойынша ғылыми-негізделген қажеттілігін айқындау</p>	ИСМ-ге ақпарат	<p>АШМ, БҒМ, облыстар әкімдіктері, "АҚРҒӨО" ММ</p>	2007 жылдың I V тоқсаны	Талап етілмейді
10	<p>Мыналарды: 1) республикалық бюджеттің қаражаты есебінен ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің тыңайтқыштар сатып алуға арналған шығында-</p>	Қазақстан Республикасының Үкіме-	А Ш М (жинақтау), ЭБЖМ		-

	рын өтеу көлемін ұлғайту;	тіне ұсыныстар		2008 жылдың I тоқсаны	
	2) ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің тыңайтқыштарды сатып алуына кредит беру үшін» "Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" ұлттық компаниясы" АҚ-ның жарғылық капиталын ұлғайту жолымен "Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" ұлттық компаниясы" АҚ арқылы тыңайтқыштар жеткізу мәселесін қарастыру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар	А Ш М (жинақтау), ЭБЖМ, "ҚазАгро" ҰХ" АҚ (келісім бойынша), "АКК" ҰК" АҚ (келісім бойынша)	2008 жылдың I тоқсаны	-
11	Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің тыңайтқыштар қолдану жөніндегі ауыл шаруашылығы машиналарын лизингтік негізде сатып алу мүмкіндігін қарастыру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	А Ш М (жинақтау), "ҚазАгро" ҰХ" АҚ (келісім бойынша)	2008 жылғы 25 қаңтар	Талап етілмейді
12	Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге тыңайтқыштар сатып алу және сақтау мәселесінде, оның ішінде өңірлерде минералдық тыңайтқыштар өндірушілердің өкілдіктерін құру және облыстық деңгейде тыңайтқыштар жеткізу жөніндегі операторларды айқындау жолымен жәрдемдесу	АШМ-ге облыстар әкімдері мен ӘКК-нің өңірлік (ауданаралық) қоймалар салу мәселесі жөнін-	Облыстар әкімдері, АШМ, ӘКК (келісім бойынша), "Қазфосфат" ЖШС (келісім бойынша), "ҚазАзот" ЖШС (келісім бойынша), "Ана Жер" ҒӨБ ЖШС (келісім бойынша), "Экобиошун-гит" ҒӨО ЖШС	2008 жылдың I тоқсаны	

		дегі ұсыныстары	(келісім бойынша)		Талап етілмейді
13	1) "Тыңайтқыштардың қауіпсіздігіне қойылатын талаптар"»техникалық регламентін әзірлеу	Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының жобасы	А Ш М (жинақтау), Д С М, Қоршаған-ортамині, ИСМ	2009 жылдың I V тоқсаны	РБ*
	2) Қазақстан Республикасында тыңайтқыштарды тіркеулік сынау және мемлекеттік тіркеу тәртібін заңнамалық реттеу мәселесін пысықтау	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар	А Ш М (жинақтау), Д С М, Қоршаған-ортамині, ИСМ	2008 жылғы шілде	Талап етілмейді
14	Тыңайтқыштарға арналған мемлекеттік стандарттарды халықаралық талаптарға сәйкес келтіру	АШМ-ге ақпарат	ИСМ	2009 жыл	РБ*
15	Минералдықтың тыңайтқыштар өндіретін кәсіпорындарда 9000 және 14000 сериялы ИСО халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкес сапа менеджменті және экологиялық менеджмент жүйелерін енгізу	АШМ-ге ақпарат	ИСМ	2007-2009 жылдар	Шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаражаты
16	Өнеркәсіптік (химиялық) мамандықтар үшін еліміздің жоғары оқу орындарында гранттар санын ұлғайту, оқыту, өндірістік практикадан өту, кеңес беру және т.б. салада	Қазақстан Республикасының Үкіметі	БҒМ (жинақтау), ИСМ, АШМ, "ҚазАзот" Ж Ш С (келісім бойынша),	2007 жылғы желтоқсан	



жоғары оқу орнындағы ғылым арасындағы ынтымақтастық мәселесін қарау	мен	тіне ұсыныстар	"Қазфосфат" ЖШС (келісім бойынша)		Талап етілмейді
---	-----	----------------	-----------------------------------	--	-----------------

### Ескертпелер :

\* - Қазақстанды өз тыңайтқыштарымен толыққанды қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар жоспарында көзделген іс-шараларды қаржылай қамтамасыз ету көлемі тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджетті қалыптастыру кезінде белгіленетін болады.

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

ДСМ	- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі
ИСМ	- Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі
БҒМ	- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Қоршаған орта министрі	- Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі
АШМ	- Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі
ККМ	- Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі
ЭБЖМ	- Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі
ЭМРМ	- Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі
ТМРА	- Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі
РБ	- республикалық бюджет
"Самұрық" ҚХ" АҚ	- "Самұрық" мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі" акционерлік қоғамы
"Қазына" ОДҚ"»АҚ	- "Қазына" орнықты даму қоры"

"ҚТЖ" ҰК" АҚ	акционерлік қоғамы - "Қазақстан темір жолы" Ұлттық компаниясы"
"АКК" ҰК" АҚ	акционерлік қоғамы - "Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" ұлттық компаниясы"
ОҚО ӘКК	акционерлік қоғамы - Оңтүстік Қазақстан облысы - Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар
"Қазмырыш" АҚ "Қазақмыс" корпорациясы" АҚ	- "Қазмырыш" акционерлік қоғамы -»"Қазақмыс" корпорациясы" акционерлік қоғамы
"АҚРҒӘО" ММ	- Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің »"Агрохимия қызметі республикалық ғылыми-әдістемелік орталығы" мемлекеттік мекемесі
"Қазфосфат" ЖШС	- "Қазфосфат" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
"ҚазАзот" ЖШС	- "ҚазАзот" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
"Ана Жер" ҒӨБ ЖШС	- "Ана Жер" ғылыми-өндірістік бірлестігі" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
"Экобиошунгит" ҒӨӨ" ЖШС	- "Экобиошунгит" ғылыми-өндірістік орталығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
"ҚазАгро" ҰХ" АҚ	- "ҚазАгро" ұлттық холдингі" акционерлік қоғамы

Ескерту. Ескертпелерге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2008.08.27 N 776  
Қаулысымен.